КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Ш Е Ш І М
Қазақстан Республикасының атынан

2023 жылғы 05 желтоқсан №3115-23-00-2/2360 Тараз қаласы

Жамбыл облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Р.К.Ясарова,
сот отырысының хатшысы Н.Байболатованың қатысуымен ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

БІРІНШІ ТАЛАП БОЙЫНША ТАЛАП ҚОЮШЫ:
"Тараз қаласы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі

БІРІНШІ ТАЛАП БОЙЫНША ЖАУАПКЕР:
"Международная академия повышения квалификации «Bolashak»" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БІРІНШІ ТАЛАП БОЙЫНША ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану туралы

ЕКІНШІ ТАЛАП БОЙЫНША ТАЛАП ҚОЮШЫ:
"Международная академия повышения квалификации «Bolashak»" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ЕКІНШІ ТАЛАП БОЙЫНША ЖАУАПКЕР:
"Тараз қаласы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЕКІНШІ ТАЛАП БОЙЫНША ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
ақша өндіру туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшының өкілі Ж.Жолдыбаева
жауапкердің өкілі А.Ансабаева
аудармашы Д.Шаймерден

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

Бірінші талап бойынша
2023 жылғы 29 тамызда "Тараз қаласы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" коммуналдық мемлекеттік

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

мекемесімен (бұдан әрі-мекеме, талап қоюшы) "Международная академия повышения квалификации «Bolashak»" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі- жауапкер, Серіктестік) арасында персонал қызметкерлерді оқыту, біліктілігін жоғарылату бойынша қызметтерге (бұдан әрі-қызмет) жалпы сомасы 700 000 теңгеге мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалған (бұдан әрі - Шарт).

Шарттың №2 қосымшасы, техникалық ерекшелікке сай орындау мерзімі шарт жасалғаннан кейін 30 күнтізбелік күн ішінде деп көрсетілген, яғни 2023 жылғы 29 қыркуйекке дейін.

Алайда, көрсетілген мерзімде жауапкер шарт талаптарын тиісінше орындамаған.

Талап қоюшы сотқа талап қою келтіріп, онда жауапкер шарт бойынша міндеттемесін тиісінше, техникалық ерекшелікке сәйкес орындамағанын көрсетіп, оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды сұраған.

Жауапкерден талап қоюға пікір түсіп, ол онда шарт талаптары толық орындалғанын көрсетіп, талап қоюды қанағаттандырусыз қалдыруды сұраған.

Талап қоюшының өкілі талап қоюды толық қолдап, оны қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкердің өкілі талап қоюмен келіспей, келтірілген пікірге сай түсініктеме берді.

Екінші талап бойынша

Талап қоюшы "Международная академия повышения квалификации «Bolashak»" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жауапкер "Тараз қаласы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінен ақша өндіру туралы талап қоюмен жүгініп, онда шарт талаптары толық орындалғанын, алайда жауапкер көрсетілген қызметтер бойынша актіге қол қоюдан бас тартып, ақшаны төлемей отырғанын көрсеткен.

Жауапкерден талап қоюға пікір түсіп, ол онда талап қоюмен келіспейтінін, шарт талаптары техникалық ерекшелікке сәйкес орындалмағанын көрсеткен.

Талап қоюшының өкілі талап қоюды қолдап, оны қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкердің өкілі талап қоюмен келіспей, қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Бірінші талап бойынша

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі-АК) 272 бабына сай, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар

Документ подписан: Ясарова Р. К., 12.12.2023

Дата вступления в законную силу: 18.03.2024, судья Ясарова Р. К., 01.04.2024

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

болмаған жағдайда - іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 12 бабының 4 тармағының 3 тармақшасына сай (бұдан әрі-Заң), мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі ол, мемлекеттік сатып алу туралы өздерімен жасасқан шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Заңның 38 бабының 4 тармағына сай әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысын беруі оның мемлекеттік сатып алу туралы шарт жобасында көзделген талаптарды сақтай отырып, тауарды беруді, жұмыстарды орындауды, қызметтер көрсетуді жүзеге асыруға келісім білдіру нысаны болып табылады.

Яғни, жоғарыда көрсетілген заңның және шарттың талаптарына сай жауапкер өзіне жүктелген міндеттемелерді тиісінше орындамаған, бұндай жағдайда ол мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылуы мүмкін.

Шарттың техникалық ерекшелігіне сәйкес өнім берушіге келесідей талаптар қойылған:

1.Оқу уақыты 24 сағаттан кем емес.

2.Қосымша білім беру бағдарламаларына сәйкес Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы әлеуметтік қызметкерлердің кәсіптік білім деңгейі мен практикалық тәжірибесін ескере отырып, біліктілігін арттырудың жұмыс бағдарламасын әзірлеу (тапсырыс берушімен келісілу қажет).

3.Дәрістердің көлемі оқу жоспарының жалпы көлемінің 30 пайызынан аспауы керек. Дәрістер мен практикалық сабақтардың барлық тақырыптары үйде әлеуметтік қызмет көрсету бойынша білім алуға бағытталуы керек. Бір академиялық сағат 45 минут болуы керек.

4.Тапсырыс берушімен келісілген оқу кестелерін жасау. Психодиагностикаға, қызметкерлердің жұмыс тиімділігін бағалауға арналған материалдарды әзірлеу (тест сұрақтары, сауалнамалар)

5.Біліктілікті арттырудың білім беру бағдарламаларын меңгеру балдық жүйе бойынша (тест сұрақтары тапсырыс берушімен келісілуі қажет) бағалаумен тыңдаушының тиісті бағдарлама бойыншга тестілеу түрінде емтихан тапсыруын көздейтін қорытынды аттестаттаудан өткізу.

6.Емтихан тапсыру кезінде комиссия құрамына тапсырыс берушінің өкілін енгізу қажет.

7.Біліктілікті арттыру шеңберінде білім алған және емтиханды сәтті тапсырған білім алушыларға сертификат береді. Өнім беруші (жеткізуші) курсты аяқтағанын растайтын тиісті үлгідегі сертификат беруге міндетті.

8.Өнім беруші Тараз қаласында орналасқан, оқу орындарының немесе орталықтарының ғимаратында қажетті құрал-жабдықтармен (интеракивті тақта, ноутбук, үстелдер, орындықтар және оқу дидактикалық материалдар) жабықталған оқу кабинеттерінде оффлайн форматта сабақ

Документ подписан: Ясарова Р. К., 12.12.2023

Дата вступления в законную силу: 18.03.2024, судья Ясарова Р. К., 01.04.2024

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

өткізге міндетті. Санитарлық-гигиеналық нормаларды ескере отырып, екі білім алушыға арналған орындар, әрбір тыңдаушыға кемінде 3 м 2 орын қарастыру қажет.

9.Оқытуды әлеуметтік қызмет көрсету саласында еңбек өтілі бар (әлеуметтік төлемдер, МСЭ, үйде АӘҚ көрсету, логопед, дефектолог, психолог) сала бойынша біліктілігі бар мамандардың, лекторлардың сонымен қатар «Әлеуметтік жұмыс» мамандығы бойынша ғылыми дәрежесі болуы тиіс. (доктор және/ немесе магистр).

10.Оқу материалында әлеуметтік-педагогикалық және әлеуметтік-психологиялық қызмет көрсетуге қатысты тақырыптар, психология негіздері. Психодиагностика бойынша материалдар, әлеуметтік жұмыстың алдыңғы қатарлы және халықаралық тәжірибесі, қазіргі саясаттағы негізгі бағыттардың болуы қажет, халықты әлеуметтік қорғау, әлеуметтік қызметкерлер қызметінің этикалық нормалары, осы саладағы қолданыстағы заңдар мен нормативтік құқықтық актілерді түсіндіру.

11. Шарт жасалғаннан кейін білімі туралы құжаттардың, еңбек қызметін растайтын құжаттардың, мамандардың біліктілігі мен дағдыларын (білімдерін) растайтын сертификаттарының көшірмелерін ұсыну.

Мақсатты аудитория: психоневрологиялық ауытқылары бар бір жарым жастан он сегіз жасқа дейінгі мүгедектігі бар балаларға; тірек-қимыл аппараты бұзылған бір жарым жастан он сегіз жасқа дейінгі мүгедектігі бар балаларға; психоневрологиялық аурулары бар он сегіз жастан асқан мүгедектігі бар адамдарға; бірінші және екінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға; егде жасына байланысты өзіне қызметтер көрсетуге мүмкіндігі жоқ адамдарға арнаулы әлеуметтік қызмет көрсететін әлеуметтік қызметкерлер.

Оқыту алдында қызметкерлердің жұмыс тиімділігін бағалау қажет, негізгі басым кәсіби қасиеттерді, психоэмоционалды күйзеліс деңгейін, қызметкерлердің адалдығын анықтау.

Тиімділікті талдау және бағалау негізінде мақсатты аудиторияны 3 топқа бөліп, оқыту қажет.

Сот отырысында анықталғаны, жауапкер аталған техникалық ерекшеліктің кейбір талаптарын орындамаған.

Атап айтқанда, мақсатты аудиторияны 3 топқа бөліп оқыту бойынша мекеме қызметкерлері 3 топқа бөлінбей, бірге оқытылған.

Жұмыс бағдарламасы, оқу кестелері талап қоюшымен келісілмеген.

Санитарлық-гигиеналық нормаларды ескере отырып, әрбір тыңдаушыға кемінде 3 шаршы метр орын қарастырылмаған. Техникалық ерекшеліктің 9,11 тармақтарының талаптары сақталмай, дәріс бір ғана оқытушымен жүзеге асырылған, оқытушының білімін, еңбек өтілін растайтын құжаттар шарт жасалғаннан кейін ұсынылмай, сертификат берілгеннен кейін, 2023 жылғы 12 қазанда жолданған. Емтихан тапсыру

Документ подписан: Ясарова Р. К., 12.12.2023

Дата вступления в законную силу: 18.03.2024, судья Ясарова Р. К., 01.04.2024

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

кезінде комиссия құрамына тапсырыс берушінің өкілі енгізілмеген. Тапсырыс берушінің өкілінсіз емтихан өтіп, 35 қызметкерге сертификаттар табысталған.

Талап қоюшымен 2023 жылғы 27 қыркуйекте жауапкерге техникалық ерекшеліктің талаптарын сапалы түрде орындау туралы ескерту хаты жолданған.

Жауапкер өкілінің шарт міндеттемелері толық көлемде орындалды деп айтқан уәждерін сот негізсіз деп санайды, өйткені сотқа шарт талаптарының толық колемде орындалғанын дәлелдейтін құжаттар ұсынған жоқ.

АПК-нің 72 бабының 1 бөлігіне сай әр тарап өзінің талаптарының және қарсылықтарының негізі ретінде сілтеме жасайтын мән-жайларды дәлелдеуге тиіс.

Шарттың 10.1 тармағына сай, егер шарт талаптарының орындалмауы форс-мажорлық жағдаяттардың нәтижесі болып табылса, тараптар оның толық немесе ішінара орындалмауы үшін жауапкершілік көтермейді.

Алайда, іс құжаттарында мұндай жағдайлар көрінбейді.

Жоғарыда көрсетілгендер негізінде талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы қанағаттандыруға жатады.

Екінші талап бойынша

АК-нің 683 бабының 1 тармағына сәйкес, өтелмелі қызмет көрсету шарты бойынша орындаушы тапсырысшының тапсырмасы бойынша қызмет көрсетуге (белгілі бір іс-әрекет жасауға немесе белгілі бір қызметті жүзеге асыруға) міндеттенеді, ал тапсырысшы бұл қызмет көрсетуге ақы төлеуге міндеттенеді.

АК-нің 349 бабына сәйкес міндеттемені орындамау, не тиісті дәрежеде орындамау (мезгілінде орындамау, тауарлар мен жұмыстарды толық орындамау, міндеттеме мазмұнында белгіленген басқа жағдайларды бұзып орындау) - тиісінше орындамау оның бұзылуы деп түсініледі. Тиісті дәрежеде орындауға мүмкіндік болмаған жағдайда борышқор бұл туралы несие берушіге дереу хабарлауға міндетті.

Шарттың 3.1 тармағына сәйкес өнім беруші шарт бойынша өзіне алған міндеттемелердің толық және тиесілі орындалуын қамтамасыз етуге міндеттелген.

АК-нің 685 бабының мағынасын негізге ала отырып нақты көрсетілген қызметтер ақы төлеуге жатады.

Талап қоюшы шарт бойынша көрсетілген қызметтер үшін жауапкер төлем жасамағанын көрсетіп, ақшаны өндіруді сұрап отыр.

Шарттың 2.5 тармағына сәйкес төлеу алдындағы қажетті құжаттар: қазынашылық органында тіркелген шарт; көрсетілген қызмет актісі.

Алайда, сот отырысында анықталғаны жауапкер шарт талаптарын тиісінше орындамаған, көрсетілген қызмет актісіне қол қойылмаған.

Документ подписан: Ясарова Р. К., 12.12.2023

Дата вступления в законную силу: 18.03.2024, судья Ясарова Р. К., 01.04.2024

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Демек, егер қызметтер шартта көрсетілген тәртіппен және шарттармен ұсынылмаса, өнім берушінің олар үшін төлем алуға құқығы жоқ.

Осыған орай, талап қоюшының ақша өндіру туралы талабы қанағаттандырусыз қалдыруға жатады.

АПК-нің 117 бабына сай бірінші талап бойынша жауапкерден 1725 теңге мемлекеттік баж салығы өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот,

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы "Тараз қаласы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер "Международная академия повышения квалификации «Bolashak»" жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

«Международная академия повышения квалификации «Bolashak»" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«Международная академия повышения квалификации «Bolashak»" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына 1725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж салығы өндірілсін.

Талап қоюшы "Международная академия повышения квалификации «Bolashak»" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жауапкер "Тараз қаласы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінен ақша өндіру туралы талап қоюы қанағаттандырусыз қалдырылсын.

Шешімге АПК-нің 403 және 404-баптарының талаптарына сәйкес келетін апелляциялық шағым немесе прокурордың өтінішхаты шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде, ал сот талқылауына қатыспаған адамдар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Жамбыл облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасына Жамбыл облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы берілуі мүмкін.

Шешім түпкілікті нысанда 2023 жылғы 12 желтоқсанда әзірленді

Судья Р.К.Ясарова

Документ подписан: Ясарова Р. К., 12.12.2023

Дата вступления в законную силу: 18.03.2024, судья Ясарова Р. К., 01.04.2024

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Документ подписан: Ясарова Р. К., 12.12.2023

Дата вступления в законную силу: 18.03.2024, судья Ясарова Р. К., 01.04.2024

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
- Сот өндірісі -
- Судопроизводство -
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»